

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс комитеті (010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, анықтама телефондары: 87172579051) Астана қаласы, Керей Жәнібек хандары көшесі, 12а мекенжайы бойынша орналасқан «ҚАЗАРНАУЛЫЭКСПОРТ (КАЗСПЕЦЭКСПОРТ)» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бас директорының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды.

Кәсіпорын қызметінің негізгі түрі – әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қос мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстардың және әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің импорты, оқ-дәрілерді қоспағанда, пайдаланылмайтын мүлікті өткізу (оның ішінде экспорт), құртып жіберу, кәдеге жарату, көму және қайта өңдеу арқылы жою, мүлтік құқықтарды беру бойынша қызметтер көрсету. пайдаланылмайтын қорғаныс объектілерін жалдау (жалға алу), қорғаныс өнеркәсібі саласындағы халықаралық көрмелерге қатысу және оларды Қазақстан Республикасының аумағында ұйымдастыру.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

- білімі жоғары: Құқықтану (құқықтану, халықаралық құқық, заңгер) және (немесе) әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика, менеджмент, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару, әлемдік экономика) және (немесе) техникалық ғылымдар және технологиялар (Автоматтандыру және басқару, Ақпараттық жүйелер, Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету, материалтану және жаңа материалдар технологиясы, Машина жасау, көлік, көлік техникасы және технологиялары, авиациялық техника және технологиялар, теңіз техникасы және технологиялары, аспап жасау, злектр энергетикасы, радиотехника, электроника және телекоммуникациялар, технологиялық машиналар мен жабдықтар, жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының технологиясы және құрастырылуы, қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы, құрылыс, стандарттау, сертификаттау және метрология, материалдарды қысыммен өңдеу технологиясы, ұшу аппараттары мен қозғалтқыштарды ұшуда пайдалану, ғарыш техникасы және технологиялары) және (немесе) әскери іс және қауіпсіздік.

- экономика саласы мамандығы бойынша кәсіпорнының бейініне сәйкес басшы лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл;

- мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі;

Конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын құжаттардың тізбесі:

1. конкурсқа қатысу туралы өтініш;
2. Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;

3. еркін нысанда жазылған өмірбаян;
4. білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
5. еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмелері не соңғы жұмыс орнынан еңбек шартын қабылдау және тоқтату туралы бұйрықтардың көшірмелері;
6. белгіленген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;
7. Қазақстан азаматының жеке куәлігінің көшірмесі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1 мекенжайы бойынша 23-қабатқа күнтізбелік 15 күн ішінде ұсынылуы тиіс.

Конкурстың өткізілетін күні мен орны қосымша хабарланатын болады.